


Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы





Халықаралық
дауларды
бейбіт жолмен
шешу алғаш
рет **1899**
жылы және
1907 жылдары
Гаага
конференциясы
нда
талқыланды



Қаралатын сұрақтар:

- 1. Халықаралық даулардың түсінігі мен түрлері
- 2. Халықаралық дауларды шешудің бейбіт жолдары
- 3. Бейбіт құрал (амал-тәсілдер) мемлекеттер арасындағы дауларды және ала ауыздықты (келіспеушілікті, қайшылықтарды) шешудің бірден-бір құқықтық тәсілі
- 4. Тікелей келіссөздер, делдалдық (татуластырушылық ара ағайындық жарастырушылық), мейірбан-ізгі көмектер, қызмет көрсету.
- 5. Халықаралық татуластыру (келістіру, бітістіру) процедурасы
- 6. Халықаралық аралық соттар (арбитраж)
- 7. Халықаралық соттық процедура
- 8. Дауларды, талаптарды халықаралық ұйымдарда шешу

Бас хатшы

Секретариат басшысы

БҰҰ лидері, ұйым тарапынан мәлімдемелерді ұсынады және жасайды. Өлемдегі мүмкін қауіптерді таратады.
(5 жылға сайланады)

Секретариат

БҰҰ-ның жұмысын қамтамасыз етеді

Қызмет аясы алуан түрлі. Бітімгершілік операцияларды басқару, халықаралық тіреулерде делдалдық ету, экономикалық және әлеуметтік барлауларды құру, адам құқығы және даму бойынша баяндама және т.б.



БҰҰ Бас Ассамблеясы

192 мемлекет

Басты кеңестік, нұсқаулы және өкілеттік орган

1 мемлекет = 1 дауыс
Жыл сайынғы сессия: қыркүйек - желтоқсан

Қауіпсіздік Кеңесі

15 мемлекет

Халықаралық бейбіт пен қауіпсіздіктің жауапкершілігі артылады

- халықаралық санкцияларды енгізеді
- БҰҰ бітімгерлік күштерін бағыттайды
- Өткізілген әскери операцияларды санкциялайды

Үнемі мүше елдер: «вето құқығы» 5



Уақытша мүше елдер: 10
(2 жылға таңдалады)

БҰҰ Халықаралық соты

15 сот

Дауларды және келіспеушіліктерді шешу

Шекаралық және территориялық, заңсыз күш қолдану мәселелерімен айналысады, сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесіне, Мемлекеттік Ассамблеяға және басқа да БҰҰ органдарына кеңес береді

Арнайы мекемелер

БҰҰ тапсырмасымен құрылған арнайы жұмыстарды атқаратын дербес халықаралық ұйымдар

ЮНЕСКО, ДДСҰ, ФАО, ХЕҰ, АҚХА және т.б.

Бағдарламалар және қорлар:

ЮНКТАД - БҰҰ сауда және даму жөніндегі конференциясы
ЮНИСЕФ - БҰҰ Балалар қоры
ЮНЕП - БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы
БҰҰ-Хабитат - БҰҰ Елді мекендер жөніндегі бағдарламасы, және басқа бағдарламалар

Қамқорлық бойынша Кеңес

Қамқорға алынған мемлекеттерді бақылау және басқару

1 қазан 1994 жылы өз жұмысын тоқтатты.

Экономикалық және әлеуметтік Кеңес

БҰҰ-ның экономикалық, әлеуметтік облыстарындағы және оның арнауы мекемелерінің әріптестігін құрылымдастырады.



- **Халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес барлық мемлекеттер өздерінің арасындағы туындаған қайшылықтарды (таластарды) әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп тудырмау үшін бейбіт құралдармен және амал-тәсілдермен шешулері міндетті.**

***Халықаралық дау*– таластарды, бейбіт құрадармен және амал-тәсілдермен шешу институты сала аралық институт болып табылады. Оның нормалары халықаралық қауіпсіздік құқығында, халықаралық ұйымдар құқығында, халықаралық құқықтың басқа да салаларында да бар.**

Осы институттың негізгі қайнар көздері:



- 1. 1907ж. халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу туралы Конвенция
- 2. 1928ж. халықаралық дау-таластарды бейбіт шешу туралы Қайта қаралған Жалпы акт
- 3. БҰҰ Жарғысы;
- 4. Аймақтық ұйымдардың жарғылары;
- 5. 1970 ж. халықаралық құқықтың қағидалары туралы Декларация;
- 6. 1975 ж. ЕҚЫҰ Қорытынды актісі;
- 7. 1989 ж. Веналық кездесудің Қорытынды құжаты;
- 8. ЕҚЫҰ басқа да құжаттары;
- 9. халықаралық әдет –ғұрыптар.

Халықаралық қайшылықтардың 2 негізгі түрі бар :



Дау, талас-бұл халықаралық құқық субъектілерінің өз құқықтары мен мүдделеріне, халықаралық келісімшартқа түсінік беруге қатысты реттелмеген сұрақтар бойынша өзара талаптарының жиынтығы



Ситуация-жағдай, бұл субъектілердің арасындағы нақты дау пәнінен тыс байланыста емес, ала-ауыздық, дұшпандық туғызатын субъективті сипаттағы жағдайлардың жиынтығы. Сонымен, ситуация негізінде талас әлі жоқ, дегенмен оның туындауының алғы шарттары, жағдайлары бар; Ситуация – бұл потенциалды талас жағдайы.

БҰҰ жарғысында дауларды классификациялаудың негізгі критерийлары:



- Даудың халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге тигізетін қауіп деңгейі;
- Даудың халықаралық қатынастардың әмбебап немесе аймақтық деңгейіне жататындығы;
- Даудың құқықтық элементтерінің болуы.

БҰҰ жарғысы дауларды келесідей түрге бөледі:



- Халықаралық бейбітшілікке қауіпсіздік төндіретін және төндірмейтін;
- Әмбебап және жергілікті;
- Құқықтық және құқықтық емес.

Халықаралық дауларды шешудің бейбіт жолдары



- БҰҰ Жарғысының 33 б сәйкес дау-таласқа қатысатын тараптар (жақтар), егерде бұл дау-таластың жалғасуы дүниежүзілік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қауіп төндіретін болса, ең алдымен оны:
- **Келіссөздер мен кеңестер;**
- **Мейірбан көмек;**
- **Татуластыру;**
- **Халықаралық табыстыру процедурасы, яғни тергеу комиссиясы;**
- **Келістіру комиссиясы;**
- **Халықаралық арбитраж;**
- **Халықаралық сот органдары**
- **немесе өз таңдауы бойынша өзге де бейбіт амал-тәсілдермен шешуге тырысулары қажет.**

- **Тікелей келіссөздердің мәні-** таласушы (дауласушы) тараптардың (жақтардың) өздеріне тікелей байланысты және олардың арасындағы келісімге қол жеткізуді белгілеу жолымен қайшылықтарды шешуді іздестіру.

Келіссөздер- бұл қайшылықтарды жоюдағы ең қолайлы, қарапайым және кең тараған құрал болып табылады.

Келіссөздердің классификациясы:

- 1) Талас, даулардың пәні бойынша (бейбітшілік, саяси, сауда және т.б)
- 2) Қатысушылардың саны бойынша (көпжақты және екі жақты)
- 3) Тараптардың өкілдерінің деңгейі бойынша (мемлекет аралық, үкімет аралық, ведомства аралық).

Келіссөздер ауызша және жазбаша да жүргізілуі мүмкін. Кеңесудің мақсаты- халықаралық дау таластардың туындауын алдын-ала ескерту.

- **Мейірбан көмектер**- бұл өз ұйытқысы бойынша немесе таласқан мемлекеттердің сұрауы бойынша реттеу процесіне дау-таласқа қатысы жоқ тарап қатысатын дау-таласты шешу тәсілі.

Мейірбан көмек көрсетудің мақсаты- тараптар арасындағы байланыстарды белгілеу немесе қайта жаңарту.

Бұл кезде мейірбан көмек көрсететін тарап келіссөзге қатыспайды; оның міндеті-таласушы (дауласушы) тараптардың өзара байланысын жеңілдету

- **Татуластыру** кезінде мемлекеттер үшінші тұлғаны таңдауды (бұл мемлекет, халықаралық ұйымдардың өкілін), және бұл тұлға келіссөздерге дербес жеке қатысушы ретінде қатысады.

Татуластыру (мейірбан көмек сияқты) келіссөздерде үшінші мемлекеттің қатысуын білдіреді.

- Бірақ олардың арасында айырмашылық бар:
 - 1)-ден татуластырушылық барлық таласушы тараптарды келісім бойынша барады; ал мейірбан көмекті тек бір ғана дауласушы мемлекеттің келісім бойынша пайдаланады;
 - 2)-ден татуластырушылық мақсаты байланыстарды жеңілдету ғана емес, сондай-ақ тараптардың бағыттарын келістіру: татуластырушы дау-таласты реттеу жобасын әзірлеуі тараптарға ұсынуы мүмкін.

- **Халықаралық табыстыру процедурасы.** Ар-намысты, мемлекеттердің маңызды мүдделеріне кір келтірмейтін және ситуацияның нақты жағдайларын бағалаудағы қайшылықтардан туындайтын халықаралық дау-таластарда тараптар арнайы халықаралық орган - фактінің сұрақтарын анықтау үшін **тергеу комиссиясын** құруға құқылы.

Тергеу комиссиялары тараптар арасындағы ерекше келісім негізінде құрылады және онда мыналар анықталады: тергелетін фактілер, комиссия қызметінің тәртібі және мерзімі, оның өкілеттілігі, комиссияның келу орны, қарау тілі анықталады.


Комиссияның тергеуі жарыссөз тәртібінде жүргізіледі. Тараптар белгіленген мерзімде комиссияға фактілерді баяндайды, қажетті құжаттарды береді, міндетті түрде таңдалатын куәлар мен сарапшылардың тізімін береді.

Комиссия тараптардан қосымша материалдарды сұрауы мүмкін. Қарау кезінде куәлерді сұрайды және бұл туралы хаттама толтырады.


Тараптар барлық түсініктері (мәлімдемелерін) мен айғақтарын бергеннен кейін, барлық куәлар тыңдалып болғаннан кейін, тергеу аяқталды деп жарияланады, ал комиссия баяндама жасайды. Комиссияның баяндамасы фактіні анықтаумен шектеледі және соттың немесе арбитраждың шешімі сияқты күші болмайды. Тараптар комиссияның шешімін өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

- **Келістіруші комиссия-** халықаралық практикада кеңінен таралған. Олардың өкілеттілігі тергеу комиссияларына қарағанда кеңірек. Келістіруші комиссиялар, ереже бойынша, фактіні анықтаумен ғана шектелмей, сондай-ақ даулы сұрақтың мүмкін болатын шешімін ұсынады. Бірақта арбитраж және соттан айырмашылығы іс бойынша шешімді тараптар қабылдайды және бұл комиссияның қортындысымен байланысты болмайды. 1985ж. халықаралық дау-таластарды бейбіт шешу туралы актінің жағдайына сәйкес тұрақты келістіруші комиссия 5 мүшеден тұрады. Комиссияның бір-бір мүшесін дауласушы тараптар тағайындайды, қалған үшеуін үшінші елдердің азаматтарынан сайланады. Мүшелерді таңдау қиынға соққан жағдайда оларды тағайындау БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасына, үшінші мемлекеттерге немесе жереби тастаумен шешілуі мүмкін.

Халықаралық арбитраж – бұл тараптардың келісімімен ұйымдастырылған жеке тұлғаның (арбитр) немесе тұлғалар топтарының (арбитрлардың) дауды қарауы. Бұл кезде қабылдаған шешімді тараптар міндетті түрде орындауы қажет. **Арбитраждың 2 түрі бар:**



ad hoc арбитражы (арнайы арбитраж) – нақты дауларды қарау үшін тараптар құрады. Бұл жағдайда дау-таластар арбитраждың қарауына тараптардың арбитраждық келісімі негізінде беріледі. Келісімде мыналар көрсетіледі: арбитражды тағайындау тәртібі немесе нақты тұлғаларды арбитр ретінде тағайындау тәртібі, дау-таласты қарау процедурасы, қаралатын орны мен тілі, және басқа да сұрақтар.



Институттық арбитражды – тұрақты әрекет ететін арбитраждық орган жүзеге асырады. Мемлекеттер алдынала қандайда болмасын келісімшартқа түсінік беру сұрақтары бойынша туындаған барлық дау-таластарды немесе дау-таластардың нақты категориялары бойынша болашақта туындауы мүмкін қайшылықтарды арбитражға беруге міндеттенеді. Қайшылықтарды (ала ауыздықты) арбитраж арқылы шешу соттық тәсілге көп ұқсайды, бірақ сот процедурасынан айырмашылығы арбитраж органының құрамы дауласушы тараптарға байланысты құрылады.

Халықаралық сот процедурасы. Халықаралық дауларды шешудің бір түрі болып сот процедурасы болып табылады. Тиісті сот органдары халықаралық ұйымдарда (универсалды (мысалы, БҰҰ Халықаралық Соты, сондай-ақ аймақтық сипатта, мысалы, ТМД Экономикалық Соты, Адам құқығы бойынша Америка аралық сот, ЕО Соты) келісімшарт негізінде құрылады.

Халықаралық соттың құрамы алдын-ала құрылады және тараптардың еркіне байланысты болмайды. Оның құзыреті құрылтай құжатта белгіленеді, сонымен қатар соттар өз регламенттерін қабылдайды. Сот шешімі тараптар үшін міндетті және шағымдалмайды.

Қаралатын дау-таластардың сипатына байланысты халықаралық соттар мыналарды шешетін соттарға бөлінеді:

- 1) мемлекет аралық дау –таластарды шешетін соттарға бөлінеді, мысалы, БҰҰ Халықаралық соты, ТМД экономикалық соты;
- 2) халықаралық дауларды, сонымен қатар мемлекеттерге және халықаралық ұйымдарға қарсы жеке және заңды тұлғалардың қозғаған істерін шешетін (адам құқығы бойынша Еуропалық Сот);
- 3) халықаралық ұйымдар шегіндегі еңбектік дау-таластарды шешетін сот (халықаралық еңбек ұйымының әкімшілік трибуналы);
- 4) жеке тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша, мысалы, Нюрнберг трибуналы;
- 5) даулардың әртүрлі санаттарын, мысалы, ЕО соты.

БҰҰ штаб пәтері (Нью-Йорк)



Бас Ассамблеяның залы



Назарларыңызға рахмет!

Орындаған: Жасұлан Дана МП51-К